

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 39 -2 "2019-2021 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Дружба ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2019 жылғы 24 мамырдағы № 48-28 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 маусымда № 5424 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының "2019-2021 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Дружба ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы " 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 39-2 шешіміне (2019 жылғы 15 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5174 тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

"1. Тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 2019-2021 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Дружба ауылдық округінің бюджеті бекітілсін, соның ішінде 2019 жылға арналғаны келесі көлемдерде:

- 1) кірістер – 12 297 мың теңге;
салықтық түсімдер – 5 476 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 0;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;
трансферттер түсімі – 6 821 мың теңге;
- 2) шығындар – 14 237,9 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;
бюджеттік кредиттер – 0;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;
қаржы активтерін сатып алу – 0;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 1 940,9 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1 940,9 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0;

қарыздарды өтеу – 0;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1 940,9 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
сессиясының төрағасы

М. Ахметов

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
хатшысы

Е. Әділбеков

Аудан мәслихатының 2019 жылғы ____
мамырдағы № ____ шешіміне қосымша
Аудан мәслихатының 2018 жылғы 29
желтоқсандағы № 39-2 шешіміне 1-қосымша

2019 жылға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Дружба ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші Сыныбы	Атауы	Сума (мың теңге)
			1. Кірістер	1 229 7
1			Салықтық түсімдер	5 476
	01		Табыс салығы	1 350
		2	Жеке табыс салығы	1 350
	04		Меншікке салынатын салықтар	4 126
		1	Мүлікке салынатын салықтар	85
		3	Жер салығы	800
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	3 241
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	6 821
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	6 821
		3	Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен түсетін трансферттер	6 821

Функционалдык топ	Функционалдык кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сума (мың теңге)
				2. Шығындар	1 4 237,9
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 1 269,9
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	1 1 269,9
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл , кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 1 269,9
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл , кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 1 269,9
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	468
	3			Елді мекендерді көркейту	468
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл , кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	468
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	168
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	300
12				Көлік және коммуникациялар	1 500
	1			Автомобиль көлігі	1 500
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл , кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 500
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 500
13				Басқалар	1 000
	9			Басқалар	1 000
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл , кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 000
				Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды	

			040	іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	1 000
				3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
				Бюджеттік кредиттер	0
				Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
				4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0
				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
				5. Бюджет тапшылығы (профициті)	- 1 940,9
				6. Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1 940,9
				Қарыздар түсімдері	0
				Қарыздарды өтеу	0
Санаты	Сыныбы	Кіші Сыныбы	Атауы		Сума (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары		1 940,9
	01		Бюджет қаражатының қалдықтары		1 940,9
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары		1 940,9